

Ленин туту

Барлық елдердің пролетарлары, бірлікте!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 93 (7053)

Жексенбі 13 маы 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20-тыйын

Ауыл-селолық советтердің айбынды міндеттері

Батыр Қызыл Армия мен одақтастарымыздың айбынды әскерлері гитлершіл Германияны толық талқандап, тарихи жеңіске жетті. Гитлердің сойқаншы мемлекетінің күлі көкке ұшып, фашистік армия өмір сүруден қалды.

Советтер Одағының халықтары ұлы жеңіске жойқын ұрыстар және жанқиярлық еңбек істеу арқылы жетті, тарихи жеңіске жету жолында нелер қиын кезеңнен өтті.

Біздің даңқты жеңісімізде ауылдық, селолық советтердің де үлесі зор. Ауылдық, селолық советтердің председателдері, олардың қызметкерлері мен депутаттары соғыстың қаһарлы күндерінде ауыл, село еңбекшілерін ел ішінде қажымай-талмай еңбек істеп, мол егін өсіруге және мал шаруашылығын өркендете беруге, сөйтіп батыр Қызыл Армияға көмекті еселеп күшейтуге жұмылдыра білді. Олар ауыл, селода үгіт көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстарын өрістете жүргізіп, халық мүддесіне сай қызмет істеді. Сонымен, ауылдық, селолық советтердің қызметкерлері мен депутаттары Отан соғысы күндерінде өздерінің майдан мен Отан алдындағы борышын аброймен орындап шықты.

«Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңісімізбен аяқталды. Еуропада соғыс кезеңі бітті. Бейбіт өркендеу кезеңі басталды». (И. Сталин).

Ауылдық, селолық советтердің атқаратын ролі енді бұрынғыдан да артпақ. Халық шаруашылығын қалпына келтіруде, ауыл, селода мәдени-ағарту жұмыстарын өркендетуде, сөйтіп соғыстың елімізге тиігізген зардабын тезірек жоюда ауылдық, селолық советтердің атқаратын міндеттері ұшан-теңіз.

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақта-

ауылдық, селолық советтерге көмектесу үшін оларға аудандық совет атқомдерінің өкілдері жіберілуге тиіе.

Ауылдық, селолық советтердің председателдері, депутаттары мен активтері мақтаралдықтардың үндеуін талқылауда алынған міндеттемелердің мүлтіксіз орындалуын камтамасыз ету үшін барлық қаблеті мен күш-жігерін жұмсауы керек. Мұның үшін ауылдық, селолық советтердің сессияларында ауылдық, селолық совет председателдерінің социалистік жарыста алған міндеттемелердің орындалу барысы туралы баяндамалары, көмекші комиссиялардың әрбір жұмыс саласында жарыстың барысын тексеру жөніндегі комиссия баяндамалары ай сайын тыңдалып отырылатын болсын. Ал аудандық совет атқару комитеттері социалистік жарыстың барысын талқылауға арналған мәжілістерді ауылдық-селолық советтің председателдерінің қатысуымен үнемі өткізіп отыруға тиіс.

Аудандарда социалистік жарыстың алғашқы қорытындысы жарыстың бірінші кезеңінің аяғында—1 июньде, екінші кезеңінің аяғында—1 октябрьде және үшінші кезеңінің аяғында—1946 жылғы 1 январьда шығарылады. Ауылдық, селолық советтердің председателдері, депутаттары мен активтері жарыс қорытындысын дұрыс шығарып, жұмыста айқындалған кемшіліктердің дереу жойылуын камтамасыз етуге, сөйтіп халық шаруашылығы мен мәдениет жұмысын өркендете беруге барлық шараларды қолдануға тиіс.

Ауылдық, селолық советтердің председателдері, депутаттары мен активтері ауыл шаруашылық жұмыстары мен мал шаруашылығын өркендетуде зор қаблеттік көрсетіп, шаруашылықтың өркендеуін

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігінің мүддесі үшін біздің көп құрбан еткеніміз, Отан қағбасына жұмсаған тылдағы және майдандағы қажырлы еңбегіміз зая кеткен жо және бұлар жауды толық жеңіп шығуға жеткізді.

И. СТАЛИН.

АҚШ Президенті Гарри С. Трумэннің Советтер Одағының Маршалы И. В. Сталинге хаты

Қазір, совет-ағылшын-американ әскерлері фашист шапқыншылардың армиясын қару тастап, сөзсіз тізе бүгуге мәжбүр етіп отырғанда, мен Сізге және Сіз арқылы қаһарман армиямызға халқымыздың және оның Үкметінің шын ықыласпен құттықтауын тапсырғым келеді. Мәдениет және бостандық ісіне қуатты Советтер Одағының қосқан тамаша үлесін біз жоғары бағалаймыз.

Зұлым-жау қанша қуатты болғанмен оның арам ниетті күшін талқандау бостандық сүйгіш халықтың және нағыз батыр халықтың қолынан келетіндігін Сіздер айқын ыспаттадыңыздар. Бөрімізге ортақ жеңіске жетуімізбен байланысты, біз Советтер Одағының халықтары мен армиясына және олардың тамаша көрнекті басшыларына сәлем жолдаймыз.

Егер Сіз біздің бұл сәлемімізді өзіңіздің тиісті қолбасшыларыңызға жеткізуді тілесеніз мен өте риза болар едім.

Гарри С. ТРУМЭН.

И. В. Сталиннен АҚШ президенті Трумэн мырзаға хат

Гитлершіл Германияның сөзсіз тізе бүгуіне байланысты, достық құттықтау жібергеніңіз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Достас америка халқының қазіргі азаттық соғысқа қатысқандығын Советтер Одағының халықтары жоғары бағалайды. Совет, Америка және Британия армияларының неміс басқыншыларға қарсы бірлесіп жүргізген күресі, жаудың толық талқандалып, жеңілуімен аяқталған күресі біздің халықтарымыздың жауынгерлік өзара достығының үлгісі болып тарихтан орын алады.

Американ халқына және Американың айбынды армиясына Совет халқы мен Совет үкметінің шын жүректен сәлемін және ұлы жеңіспен құттықтауын тапсыруды сұраймын.

И. СТАЛИН.

И. В. Сталиннен Ұлы Британияның бас министрі У. Черчилль мырзаға

Ұлы Британияның қарулы күштері мен халықтарына Советтер Одағының халықтарынан хат

Сізге, Британияның айбынды қарулы күштері мен бүкіл Британия халқына сәлем жолдап, бөрімізге ортақ жау—герман империализміне қарсы күресте ұлы жеңіске жетумен шын жүректен құттықтаймын. Бұл тарихи жеңіс Совет, Британия және Америка армияларының Еуропаны азат ету үшін бірлесіп жүргізген күресін аяқтап шықты.

Соғыс кезінде біздің елдеріміз арасында қалыптасқан достық қарым-қатынас

Украин Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті мен Украин ССР Халық Комиссарлары Советінен

Украин Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті мен Украин ССР Халық Комиссарлары Советі большевиктер партиясының адал ұлы, мәңгер Сталиннің шәкірті және серігі, еліміздің асқан көрнекті саяси және әскери қайраткері, Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі—А. Щербановтың мезгілсіз қазаға ұшырағанын қатты қайғырып хабарлайды.

Ленин—Сталин партиясының асқан көрнекті қайраткерінен, социализм жеңуі және оны нығайту ісіне көп еңбек сіңірген, армия мен елімізде партия саясат жұмысының аса ірі ұйымдастырушысынан айрылды.

Социалистік құралыс ісіне және неміс-фашист басқыншыларды жеңіп шығу ісіне өзінің барлық білімі мен күш-қайратын, ұйымдастырушылық қаблетін асқан Александр Сергеевичті Советтік Украина еңбекшілері мәңгі ұмытпайды.

Неміс фашизмін совет халқының біржолата жеңіп шығуы және біздің мемлекетімізді бұрынғыдан да нығайту жолында сіңірген еңбегі Александр Сергеевич Щербановқа арнаған ұлы ескерткіш болып табылады.

УКРАИН КОММУНИСТ (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН УКРАИН ССР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТИ

Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумынан

Украин ССР Жоғарғы Советінің Президиумы большевиктер партиясы адал ұлы, Украин ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі, асқан ірі мемлекет және партия қайраткері А. С. Щербановтың мезгілсіз қазаға ұшырағанын қатты қайғырып хабарлайды.

Өзінің барлық білімі мен өмірін сүйікті Отанымызға қызмет ету жолында жұмсаған Александр Сергеевичтің есімі Украин халқының және Советтер Одағының барлық халықтарының жүрегіне мәңгі сақталады.

УКРАИН ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ.

БІЛДІРУ

БК(б)П Орталық Комитетінің Секретарі, БК(б)П Москва облыстық және облыстық комитеттерінің Секретарі, Қызыл Армияның Жоғарғы Саяси Басқарманың бастығы, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты А. С. Щербанов жолдастық жұмыстарын басқару үшін Н. М. Шверник (председателі), М. Ф. Шкиряков, Г. М. Попов, В. Н. Черноусов, А. Ф. Горкин, Г. Ф. Александров және Г. Голиков жолдастардан комиссия құрылды.

БК(б)П Орталық Комитетінің Секретарі, БК(б)П Москва облыстық және қалалық Комитеттерінің Секретарі, Қызыл Армияның Жоғарғы Саяси Басқармасының бас

қарсаң, төменгі пішінді қолдануға жолы болды.

Қазір республикамыздың, оның ішінде облысымыздың ауылдық, селолық советтерінің председателдері, депутаттары мен активтері мақтаралықтардың шақыруын қызу қолдап, ауыл-селода халық шаруашылығы мен мәдениет ісін өркендету үшін Советтік Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасты. Олар ауыл шаруашылығын өркендету ісіне, мәдениет майданына жаңа жігермен белсене қатысуда.

Облысымыздың ауыл, селолық советтері атында: 1945 жылы әрбір колхозда егіннен неғұрлым мол өнім алу, мал шаруашылығын өркендету жоспарын асыра орындау, мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру міндеттемесін мерзімінен бұрын өтеу, ауыл мен селода әлеуметтік-мәдениет жұмыстары жөнінде белгіленген шараларды толық жүзеге асыру, бұлардың бәрін советтердің ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарын көңінен өрістетуге арқылы орындау міндеті тұр.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мақтаралықтардың үндеуін және өзінің бұл үндеу жөніндегі қаулысын осы жылғы 15 майға дейін сайлаушылардың жыйылыстарында, ауылдық, селолық советтердің сессияларында көңінен талқылауды талап етті. Бұл үндеу мен Халық Комиссарлары Советінің қаулысын талқылап нақтылы шаралар белгілеу ісінде.

ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ЕГІС ДАЛАСЫНДА

(Облыстық жер бөлімінің 10 майдағы мәліметі бойынша)

Облыс колхоздары 10 майға дейін 113612 гектар егіс егін, егіс жоспарын 38,2 процент ғана орындады. Соңғы бір күнгі тапсырма 7007 гектар болды, ал күнделік тапсырма 1200 гектар еді.

Егісте Ленин ауданының колхоздарын Октябрь ауданының колхоздары қуып жетіп, басып озды. Октябрь ауданының колхоздары 21196 гектар егіс егін, жоспарды 50,1 процент орындады. Алайда, бұл ауданда егіс жөніндегі бір күнгі өсім 1760 гектар орнына, 851 гектар ғана болды. Егіс жоспары Ленин ауданында 49,9, Мамлют ауданында 39 және Петропавл ауданында 36,7 процент орындалды. Полудень ауданы төртінші орыннан бесінші орынға түсіп қалды.

Егісте әсіресе Конюхов, Булаев, Совет және Соколов аудандары көшіртісіз артта қалды. Совет ауданында бір күнде 1080 гектар жерге тұқым себілу орнына, 209 гектар жерге ғана тұқым себілді. Ауданның колхоздары егіс жоспарының 32,9 процентін ғана орындады. Егіс жоспары Конюхов ауданында 20,7. Преснов ауданында 31,7, Соколов ауданында 34 және Приешім ауданында 34,6 процент ғана орындалды. Бұл аудандардағы колхоздардың, МТСтардың басшылары егіс жұмыстарының қолайлы мерзімін босқа өткізудің егін өнімін мөлдітуге қаншақтылықты әсер ететіндігін түсінбесе керек.

Облыс колхоздары 10 майға дейін 92425 гектар жер жырту, жоспарды 39 процент орындады. Жер жыртуда Петропавл ауданы бірінші орынға шықты. Бұл ауданның колхоздары жер жырту тапсырмасын 47,3 процент орындады. Жер жыртуда Октябрь ауданы екінші орынға, Ленин ауданы үшінші орынға, Приешім ауданы төртінші орынға және Мамлют ауданы бесінші орынға ие болды.

Жер жырту жұмысында артта қалған Соколов ауданында тапсырма 32,4, Конюхов ауданында 23,6, Преснов ауданында 33,7, Полудень ауданында 33,7, Булаев ауданында 35,4 және Совет ауданында 37,8 процент ғана орындалды. Бұл аудандардың бірде-бірінде жер жырту жөніндегі күнделік тапсырма орындалған емес. Осының салдарынан соңғы бір күнде колхоздарда 8 мың гектар орнына, 4559 гектар ғана жер жыртылды.

активтері сайлаушылармен байланысты күшейтіп, көпшілік-түсінік жұмысын үнемі жүргізіп отыруды және сайлаушылардың тапсырмаларының орындалуы жөнінде мезгілінде есеп беріп отыруды естен шығармаулары керек. Онымен бірге, олар еңбекшілердің тілегі мен шағымдарына дер кезінде назар аударып, еңбекшілердің мүддесін қамтып отыруға міндетті. Ауылдық, селолық советтердің қызметкерлері әскери қызметшілердің үй-іштеріне, көп балалы аналарға және Отан соғысының мүгедектеріне жәрдем мен пенсияның мезгілінде төлеуін қадағалап отыруға тиіс.

Ауыл-селолық советтердің республикамыздың ширек расыра толған мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарысты өрістетіп отырып, ауыл-селодағы барлық шаруашылық және әлеуметтік-мәдени жұмыстарының ойдағыдай орындалуын ұйымдастыратын орталыққа айналатындығы сөзсіз.

Ауылдық, селолық советтердің председателдері, депутаттары мен активтері! Халық шаруашылығы мен мәдениетімізді өркендетіп, Советтік Қазақстанның 25 жылдық мерекесін табыспен қарсы алу жолында барлық күш-қайраттарыңыз бен іскерлік қабілетіңізді жұмсап, ауыл-село еңбекшілерін қажырлы еңбекке жұмылдыра біліңіздер!

Председателі М. И. Калининнің

Ұлы Британия королі Георг VI-ға телеграммасы

Гитлершіл Германияның біржолата талқандалуына байланысты, Советтер Одағының қарулы күштері мен халықтарына достық құттықтау және сәлем жолдағаныңыз үшін Ұлы Мәртебелі Сізге, бүкіл Британия халқына шын жүректен алғыс айтамын. Бұл жеңіске Совет және Британия халықтары мен одақтас елдер халықтарының көп құрбандық жұмсауы арқылы қол жетті.

Британия және совет халықтарының достығы гитлершіл шапқыншыларға қарсы жойқын күресте бірге төгіскен қан мен шыңдалды. Германияны біз жеңіп шыққан күндерде совет халқы атынан Ұлы Мәртебелі Сізге, Британия халқына және Ұлы Британияның қарулы күштеріне шын жүректен құттықтау жолдаймын және соғыс жылдарында баяндылығын ыспаттаған, біздің елдеріміз арасындағы одақтастық қарым-қатынас барлық бостандық сүйгіш халықтардың игілігі үшін бейбіт өркендеу жылдарында бұрынғыдан да тығыз және жемісті ынтымақ жасауға жеткізеді деп сенім білдіремін.

М. КАЛИНИН.

Совет Хабаршы бюросынан

11 МАЙДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

11 майда ЛЕНИНГРАД майданының әскерлері немістердің КУРЛЯНДСКІДЕГІ тізе бүккен әскер тобының құрамалары мен бөлімдерін қабылдауда болды. Майдың 9-нан 11-не дейін немістердің 133 мың солдаты мен офицері қолға берілді. Қолға берілген генералдардың ішінде бұдан бұрын жарияланғандағыдан басқа, 563-жау әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант НЕЙМАН, 87-жау әскер дивизиясының командирі генерал-лейтенант ШТРАХВИЦ, 30-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ХЕНЦЕ, 263-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ХЕМАН, 24-жау әскер дивизиясының командирі генерал-майор ШУЛЬЦ және 21-далалық авиация дивизиясының соғыс тобының командирі генерал-майор БАРТ бар. Жаудан барлығы мынадай олжа: 75 самолет, 244 танкпен өздігінен жүретін зеңбірек, 948 дала зеңбірегі, 323 миномет, 293 пулемет, 41310 винтовка мен автомат, 130 бронетранспортер, 3478 автомашина, 215 трактор мен тягач, 223 радио станциясы, соғыс жүгін тиеген 3332 ат-арба, 11280 ат санап алынды. Қолға берілген адамдарды қабылдау және олжаны есептеп алу жұмысы жүргізіліп жатыр.

Майдан әскерлері КУРЛЯНДСКІ түбегін толық алып, РИГА қолтығы мен БАЛТЫҚ төңірінің жағалауына жетті.

3-БЕЛОРУС майданының әскерлері ВИСЛА өзенінің құйылысы ауданында неміс әскерлерінің тізе бүккен құрамалары мен бөлімдерін қабылдап алуды аяқтады, сөйтіп алынған жерді дұшпанның шағын топтары мен жекелеген солдаттарынан тазарта отырып, бұл жерді жаудан толық тазарту жұмысын жүргізді. Барлығы 20 мың неміс солдаты мен офицері және 3 генерал қабылданды. Дұшпаннан мынадай олжа: 50 самолет, 20 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 300 дала зеңбірегі, 134 миномет, 2500 пулемет, 15 мың винтовка мен автомат, 53 бронетранспортер, 5912 автомашина, 30 радио станциясы, 1570 ат санап алынды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ДАНЦИГТІҢ шығыс жағында, ВИСЛА өзенінің құйылысы ауданында және ГДЫНЬЯНЫҢ солтүстік жағында ПУТЦИГЕР-НЕРУНГ мөйнағанда немістердің тізе бүккен әскерлерін қабылдауда болды. Майдың 9-нан 11-не дейін немістердің 35 мың солдаты мен офицері және 7 генералы қолға берілді. Қолға берілген генералдардың ішінде бұрын жарияланғандағыдан басқа, 12-авиация дивизиясының командирі генерал-лейтенант ШЛИППЕР бар. Мұнымен қатар, БОРНХОЛЬМ аралында жаудан гарнизон бастығы генерал-лейтенант ВУТМАННЫҢ басқаруындағы 12 мың адам, ал бүкіл майданда жаудан 47 мың адам қолға түсірілді. Әскерлеріміз БОРНХОЛЬМ аралын алды.

1-УКРАИН майданының әскерлері 11 майда тізе бүгуден бас тартқан генерал-фельдмаршал ШЕРНЕРДІҢ басқаруындағы неміс әскерлерін өкшелете қууда болды, сөйтіп алға баса отырып, Чехословакия жерінде ЖИГЛЕ, КРАЛОВИЦЕ, РАКОВНИК, КЛАДНО, БРАНДИС, МЕЛЬНИК, ЛАБЕЛЕГІ ЛИСА, МЛАДА БОЛЕСЛАВ, ДОБРОВИЦЕ, БОУСОВ, ИИЧИН, ГОРЖИЦЕ, ЯРОМЕРЖ қалаларын алды. Майдан әскерлері ХЕМИНИЦА және РОКИЦАНЫ (ПИЛЬЗЕННІҢ шығыс жағында) американ әскерлерімен қосылды. Майдың 9-нан 11-не дейін майдан әскерлері немістердің

Марқұммен қоштасу үшін колонналы зал бүгін, 12 майда таңертеңгі 7-ден күндізгі 3 сағат 30 минутқа дейін ашылды.

Марқұмның сүйегі 12 майда, күндізгі сағат 5-те, Қызыл алаңда жерлене;

Облыста Ұтыс Қарызының таратылуы

Облысымызда 10 майға дейін 39 миллион 536 мың сомның Мемлекеттік Төртінші Соғыс Ұтыс Қарызы таратылды. Сонымен, Ұтыс Қарызының таратылу сомасы белгіленген бюджет мөлшерінен 636 мың сом асып түсті. Төртінші Мемлекеттік Соғыс Ұтыс Қарызы әлі де таратылып жатыр.

Петропавл қаласының, Совет, Соколов және Петропавл селолық аудандарының еңбекшілері Соғыс Ұтыс Қарызын таратуда және қарыз жарналарын қолма-қол

телеуде үздік табыстарға жетті. Б мемлекетімізге белгіленген бюджет мөрінен 3 миллион 298 мың сом қаржы артық берді.

Ленин және Октябрь аудандарының бекшілері соғыс қарызын таратуда лют ауданының еңбекшілерінен шықты.

Соғыс қарызын таратуда және қарыз жарналарын қолма-қол жыйнауда лаев, Конюхов, Преснов және Поху аудандары артта қалды.

берекесі кетіп қолға берілген 121660 солдаты мен офицерін және 7 генерал қолға түсірді. Жаудан қолға түсірілген генералдардың ішінде 31-СС жау дивизиясының командирі генерал-лейтенант НЕМПО, әуе шабуылынан қорғалым-төрттеу институтының бастығы генерал-лейтенант ШТУБЕНРАУХ, ГЛ қаласының команданты генерал-майор ПЕТШ және құрлыс бөлімінің бастығы нерал-майор Герман БАХЕР бар. Немістердің бес аэродромында майдан өскер дұшпанның 272 самолетін қолға түсірді.

4-УКРАИН майданының әскерлері генерал-фельдмаршал ШЕРНЕРДІҢ батысқа қарай көрі шегініп бара жатқан неміс әскерлерін өкшелете қууда болды, сөйтіп ойдағыдай алға отырып, Чехословакия жерінде НОВЫЙ БИДЖОВ, МЕСТЕЦ, КРАЛЕВЕ, МЕЦ, КОМЕН, КУТНА ГОРА қалаларын алды. Майдың 9-нан 11-не дейін майдан әскерлері немістердің берекесі кетіп қолға берілген 35 мыңнан аса солдаты офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 127 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 820 дала зеңбірегі, 510 миномет, 1700 пулемет, 15 мыңнан винтовка мен автомат, 1500 автомашина, соғыс жүгін тиеген 6000 ат-арба, паровоз, 3700 темір жол вагонын, 500 ат қолға түсірді.

2-УКРАИН майданының әскерлері 11 майда тізе бүгуден бас тартқан генерал-фельдмаршал ШЕРНЕР мен генерал-полковник ВЕЛЕРДІҢ әскер тобының тарындағы неміс әскерлерін өкшелете қууда болды, сөйтіп ойдағыдай алға отырып, Чехословакия жерінде ХОТЕБОРЖ, ДЕДЕЧ, ВЛАШИМ, БИСТЖИЦЕ, МИЛИ ИЕСТЕБНИЦЕ, ТАБОР, ПЕЛЬГРЖИМОВ, СОБЕСЛАВ қалаларын алды. Майдан әскерлері ЧЕСКЕ БУДЕЕВИЦЕ қаласының солтүстік-батыс жағындағы ауданда рикан әскерлерімен қосылды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері ЧЕСКЕ БУВИЦЕ қаласының оңтүстік-шығыс жағында алға баса отырып, Австрия жө ГМЮНД, ВЕЙТРА, ЦВЕТТЛЬ, ОТТЕНШЛАГ қалаларын алды, сөйтіп ЛИНЦТІҢ түстік-шығыс жағындағы ауданда американ әскерлерімен қосылды. Майдың 11-не дейін майдан әскерлері немістердің берекесі кетіп қолға берілген 98 мың аса солдаты мен офицерін және 8 генералын қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 40 самолет, 107 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 175 дала зеңбірегі, автомашина, соғыс жүгін тиеген 1560 ат-арба, 430 темір жол вагонын түсірді.

3-УКРАИН майданының әскерлері 11 майда батысқа қарай көрі шегініп бара жатқан неміс әскерлерін өкшелете қууда болды, сөйтіп ойдағыдай қы жасау нәтижесінде, дұшпанның әскерлерінің өңдеуі бөлегін қару тастауға бүр етті. Алдын-ала мәліметтер бойынша, майдан әскерлері майдың 9-нан дейін немістердің 106000 солдаты мен офицерін және 5 генералын қолға түсірді. Жаудан мынадай олжа: 238 самолет, 214 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 1252 дала зеңбірегі, 1212 миномет, 1200 пулемет, 25 мың винтовка мен автомат, 5600 автомашина, 214 паровоз, 5260 темір жол вагонын, соғыс жүгін тиеген 2570 ат-арба, 2690 ат қолға түсірілді.

Сонымен, майдың 9-нан 11-не дейін барлық майдандарда немістердің барлығы 660000-нан аса солдаты мен офицері және 45 генералы қолға түсірілді.

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс

Көктемгі егісте озаттарға теңеліңдер!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар облыстың хұрмет тақтасына жазылады:

Ленин ауданындағы ҚҰЙЫШЕВ атындағы МТС-тың № 17 трактор бригадасының (бригадирі А. Ляшков жолдас). Бұл бригада бытырғы апрелдің үшінші онкүндігінде тракторлармен істелетін жұмыс жоспарын артығымен орындады. Осындай табысқа жеткені үшін бригаданың Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды. Бригада егіс кезіндегі жұмыс жоспарын орындауға жұмысшылар.

Октябрь ауданындағы КОНОВАНОВ МТС-ның Н. Жебо жолдас басқарған трактор бригадасы. Бригада көктемгі егісте үздік шыққаны үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туына ие болды. Бригада жұмыс жоспарын толық орындауға таяу отыр. Жұмыс сапасы жақсы.

Полудень ауданындағы ТОКУШИН колхозы (директоры Росовский жолдас). Колхоз көктемгі егісте үздік шықты. Апрельдің үшінші онкүндігінде жұмыс жоспарын мүлтіксіз орындағаны үшін оған Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

Полудень ауданының КИРОВ атындағы колхозы (председателі Коломен жолдас). Колхоз 8 майда облыста бірінші болып егіс жоспарын орындады. Қазір жоспардан тыс егіс егуде. Социалистік жарыста үздік шыққаны үшін колхозға ҚК(б)П аудандық комитеті мен аудандық совет аткомінің ауыспалы Қызыл Туы тапсырылды.

гіс жұмыстарының қарқынын шұғыл күшейтіп, жоспардан тыс мыңдаған гектар егін егейік!

Полудень ауданының Киров атындағы колхозы лхозшыларының облысымыздың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне хаты

ымбатты жолдастар!

өменгер Сталиннің басшылығы арқасында батыр Қызыл Армия неміс-фашист бұйырықтарына толық талқандалды. Гитлер Германия тізе бүкті. Галиц жолдастың халыққа арнаған іхн үндеуінде былай делінген: «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігінің ісі үшін біздің көп құрбан еткеніміз, қатбасына жұмсаған тылдағы және ғандағы қажырлы еңбегіміз зия кеті жоқ және бұлар жауды толық жеңіп ұға жеткізді».

Ескіруын жауды жеңіп шыққан Қызыл Армия мен совет халқы біз асқан ышпен мақтанып өтеміз. Біз жеңістерекелеп отырмыз. Бұдан енді тыл-күш-дайратымызды бәсеңдету де мағна тумады. Қазір, ауыл шаруаның жылынын нағыз қауырт кезеңі егісті неғұрлым көп және сапалы орындау үшін мол егін

темгі егіс жоспарын толық орындадық. Егісті жақсы өңделген жерге ектік. Оған жоғары сапалы тұқым сәбілді. Егіс кезінде тракторшы Любовь Бондарева смена сайын 50 гектар жер жыртып, Анастасия Соловьева—40 гектар, Мария Дубовик—50 гектар, Вера Дубицкая—36 гектар, Вера Панина—35 гектар, майдашының әйелі Мария Еременко соқамен күніне 1,40—1,50 гектар жер жыртып, колхозшы Тогаев жұмыс мөлшерін үнемі артық орындады. Сөйтіп олар еңбек майданында үздік шықты. Трактор бригадасының бригадирі, орденді тракторшы Василиса Бондарева және егіс бригадасының бригадирі Федор Осипкин жолдас-тар егіс жұмысын жақсы ұйымдастырды.

Даңқты жеңісімізбен жігерленген біз жоспардан тыс 50 гектар егіс егуді ұйғардық. Біз облыстың барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдерің өзіміз-

Еңбек өнімін арттыруда

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталып, Европада соғыс кезеңінің бітуі және бейбіт өркендеу кезеңінің басталуы Полудень ауданындағы «Екпінді» ауыл шаруашылық артелінің мүшелерін (председателі С. Мұфилов жолдас) зор қуанышқа бөлеп, еңбек майданында жаңа өрлік істер істеуге жігерлендірді. Колхозшылар жеңіс мерекесіне байланысты өткізілген жыйында тарихи ұлы жеңіске іспен жауап беруге, бейбіт құрлыс жылдарында да қажірлі еңбек істеуге бірауыз даң сөз берді.

—Соғыс,—деді тракторшы Қамзина жолдас,—жеңіспен аяқталды. Бірақ жаудан азат өтілген аудандарда халық шаруашылығы қалпына келтіріліп болған жоқ. Сондықтан да біз әлі де болса еңбек өнімін молайта түсіп, еліміздің қуатын арттыра беруге тиіспіз. Өзім көктемгі егіс кезінде тынбай жұмыс істеуге серт беремін.

Хамзина жолдас сөзін іспен ақтауда. Ол соңғы күндері доңғалақты трактормен үнемі екі мөлшер орындап жүр.

Соқа мен жер жыртушы Богатов және Сазонов жолдастар да тарихи ұлы жеңістің хұрметіне, еңбек өнімін еселеп арттыруда. Олар күн сайын бір жарым мөлшер орындап жүр. Колхоздың барлық мүшелері жер жыртуда, жер тырмалауда және тұқым себуда жеңісімізге сай жұмыс істеп, егіс жоспарының 70 процент орындалуын қамтамасыз етті.

Н. УӘЛИЕВА.

ТРАКТОР ПАРКІНІҢ КӨМЕГІ АЗ

Көктемгі егістің тағдырын ойдағдай дайындық шешеді деген өте дұрыс сөз. Біздің ауыл шаруашылық артелінің мүшелері Республикамыздың даңқты мерекесі атындағы социалистік жарысқа ерте бастан қосылып, көктемгі егісті сапалы салып шығу үшін серт беріп, міндеттемелер алған болатын.

Біз сертті орындауға ерте бастан әзірлендік. Құрал-сайманның жөнделіп шыққанына мәз болғанымыз жоқ. Оның

В. М. Молотовтың Біріккен Ұлттардың Конференциясының кең мәжлісінде 1945 жылғы 30 апрелдегі сөйлеген сөзі

САП-ФРАНСИСКО, 30 апрел. (ТАСС-тың арнаулы тілшісінен). В. М. Молотов жолдас Біріккен Ұлттардың Конференциясының кең мәжлісінде 30 апрелде сөз сөйлеп мынаны айтты:

«Председатель мырза, мырзалар!

Совет делегациясы Аргентина мәселесін, Аргентинаны осы конференцияға шақыру мәселесін маңызды мәселе деп есептейді. Мей бұл мәселе туралы, орыс тілінде сөйлеймін. Орыс тілін бәріңіз бірдей біле бермейсіздер. Бірақ, мен орыс тілі әділетті іс үшін өте жақсы тіл екенін білемін, сондықтан да менің айтқаным түсінікті және қонымды болар деп сенемін (қол шапалақтау).

Аргентинаны осы конференцияға шақыру мәселесі делегаттарға тек бүгін ғана кездесіп отыр. Осы уақытқа дейін бұл мәселе шақырушы 4 мемлекеттің өкілдері арасында бірде-бір рет талқыланған емес. Сондықтан да совет делегациясы бұл мәселемен өзі танысу үшін және бұл мәселемен жалпы осы конференцияға қатысушылардың бәрі танысуға мүмкіндік беру үшін бұл мәселені талқылауды бірнеше күн кешіктіре тұру керек деген ұсыныс жасап отыр, бұл әбден табиғи көрсө (қол шапалақтау).

Біздің ортақ жауымызға қарсы жүргізілген қажырлы соғыста Аргентина ерекше орын алғанын кім білмейді. Оның бер жағында соғыс жылдары ішінде Аргентина үкметінің сыртқы саясатын болсын, ішкі саясатын болсын басқа Біріккен Ұлттар әрқашан мақұлдай қойып келмегені де жалпыға мәлім. Мен өз пікірімді анықтау үшін ең алдымен бұрынғы мемлекет секретарі Хэлл мырзаның сөзін келтіргім келеді. 1944 жылғы 8 сентябрьде мынадай сөз жарияланған болатын:

«Кеше мемлекеттік секретарь Хэлл Аргентинаны жердің бұл бөлегіндегі фашистік қозғалыстың штабы және қалған Америкаға індет жаюы мүмкін орын деп айыптады».

Мен беделді адамдардың жасаған мәлімдемесінен тағы мысал келтіремін. 1944 жылғы 1 октябрьде президент Рузвельт былай деген болатын:

«Мен соңғы айлар ішінде Аргентинадағы оқиғалардың дамуын зор көңіл қойып, мұқият бақылап отырдым. Жер шарының бұл бөлегіндегі елде езуші және шапалақтың күштер Европада сол сы-

халқы арасындағы талпыныс берік және біздің одақтастарымызбен бірге бәрімізге ортақ жауға қарсы күрес жүргізіп отыр. Сонымен қатар үлгі үкмет—Америка, Британия және Совет Үкметтері бұл үкметті неғұрлым көп өрісті демократия негізінде қайта құру ісіне көмектесу міндетін өз мойнына алғаны да біздің есімізде. Бұл тамаша қарап-попаяқ халқының тілегіне де сай келетініне күмәнім жоқ. Сондықтан да біз бұл қарарды неғұрлым тезірек орындауға тырысуымыз керек. Сонымен қатар Польша үкметін қайта құру мәселесі бұл конференцияға жатпайтын іс екені де бізге түсінікті.

Бұл аталған үш одақтас үкметтердің және әсіресе поляктардың өздерінің ісі. Біздің бәріміз де Польша үкметінің неғұрлым көп өрісті демократиялық негізде, одақтас үкметтердің бәрі де елшілік қарым-қатынас жасарлықтай болуын тілейміз. Бұл дұрыс. Бірақ, біз бұл конференцияда поляк мәселесін тұтас шешуді қолға алмағанмен, қазіргі кезде халықаралық конференция болып жатқанын, оған поляк халқының өкілі қатыспай отырғанын еске асыра қалдыруымызға болмайды. Недегенмен де бұл жерде поляк халқының біздің қаһарман одақтасмыздың өкіліне орын бермей, соғыста бізге емес, біздің душпандарымызға көмектескен Аргентина өкіліне конференциядан орын беруге болмайды.

Маған Аргентинаның күнәлері болды, бірақ ол күнәлерді ұмытуға болады деушілер болуы мүмкін. Мүмкін солай да болар, мүмкін Аргентинаның күнәлерін ұмытуға да болатын шығар. Бірақ мен мынадай сұрақ қойғым келеді. Егерде Аргентинаның кейбір күнәлерін ұмытуға болатын болса, біз Польшаның сіңірген еңбегін қалай ұмытамыз, бәрімізге ортақ жауға қарсы күресте поляк халқының сіңірген ұлы еңбегін ұмытуымыздың не жөні бар! (Ду қол шапалақтау)

Біздің осы конференцияда Индияның делегациясы бар. Бірақ, Индия тәуелсіз ел емес. Тәуелсіз Индияның үніне де құлақ қоятын кез жететінін біздің бәріміз де түсінеміз (қол шапалақтау). Солай бола тұрса да, Ұлы Британия үкметінің қазіргі жағдайдың өзінде Индияның өкілдеріне осы күнгі жетіліп болмаған күніндегі қалпында-ақ осы конференциядан орын берілісін деген пікіріне келістік.

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 11 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, январьдан бастап апрелге дейінгі 4 айдың ішінде одақтастар самолеттерінің оңтүстіктегі теңіздер ауданында жапонның 1892 мың тонналық кемелерін суға батырғандығын одақтастардың Тынық мұхиттың оңтүстік-батыс бөлегіндегі қарулы күштері бірлескен командованиясының штабы хабар етті.

Француз әскерлерін Тынық мұхит майданына жөелтуге әзірлік

ЛОНДОН, 11 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Францияның финансы министрі Рене Плевен баспа сөз өкілдеріне мынадай мәлімдеме жасаған: «Француздардың шамамен алғанда 30 мың адамнан құралған екі дивизиясы Тынық мұхиттағы соғыс майданына жөелтуге дайын отыр. Олар тек ғана тақсымал құралдарын күтуге. Мыңдаған басқа да солдаттар ұрысқа кірісу үшін киім-жабдық, қару-жарақ және транспорт күтіп отыр».

Герингтің істеген қылмысы жөнінде Америка баспа сөзінің пікірі

НЬЮ-ЙОРК, 11 май. (ТАСС). «Нью-Йорк Таймс» газетінің мәлімдемесі бойынша, Герингтің мүлде еңсесі түсіп отырған көрінеді. Ол өзін бұдан былай қарай ішкілершіл емесін деп мәлімдеген. Алайда Геринг—қарақшы және баскесер. Ол халықты рахымсыз қырғынға ұшыратты. Ол Германиядағы бостандықтың ақырғы ізін жойған полицияны басқарды және қалада қарсылықтың тоқтауына қарамаспан, Роттердамды бомбалауға бұйрық берген. Геринг өзінің істеген қылмыстары үшін жауапкершіліктен құтылып кете алмайды.

«Нью-Йорк геральд трибюн» газеті, Герингтің Гитлердің Өкмет басына көлуі жөнінде жоспар жасағандығын, Германияның әуе-соғыс күштерін, әсесшілер әскерлерін және гестапоны ұйымдастырғандығын атап көрсетеді. Герман авиациясының Лондон мен Варшаваға жасаған шабуылын, немістердің еврейлерді қудалауын, тұтқындар лагерлерін және Геринг ұйымдастырған фашистік озбырлықтың бәрін бүкіл дүние жүзі еш уақытта ұмытпайды деп мәлімдейді газет.

ін табысқа жеттік. Біз 8 майда көк Сталин жасасын!

Колхозшылардың жалпы жыйылысының тапсыруы бойынша хатқа қол қойғандар: КОЛОМИЕЦ—колхоз председателі, Василиса БОНДАРЕВА—трактор бригадасының бригадирі, ПАВЛЕНКО—егін шаруашылық қызметкері, Мария ЕРЕМЕНКО—соқашы, Федор ОСМИНКИН—егіс бригадасының бригадирі.

Жұмыс қарқыны баяу

ткен жылы Соколов ауданындағы алын жолы» ауыл шаруашылық арте-д мүшелері (председателі Жәминтов ас) егін даласында тынбай жұмыс п, егіс жоспарын ауданда бірінші бо-орындай шықты. Мұнымен қатар іс қорына жоспардан тыс егіс егу амасына жарны болды.

аххоз мүшелері быйылда көктемгі егіс ыстарын соғыстағыша жүргізуде. Со-тен, олар жеңіс мерекесіне қазірмі ең-іен жауап беруде. Тракторшы Б. Ку-ов жолдас донғалақты трактормен күн-ын 4,5 гектар жер жыртып жүр. хозда көктемгі егістің мұндай озат-ы оңдап саналады. Колхозшылар-егін даласында осындай қажірлі жү-істеуі қазірдің өзінде егіс жоспары 50 процент орындалуын қамтамасыз

сы аудандағы «Красный партизан» е Калинин атындағы колхоздарда іс-жәйі бұған тіпті өзгеше. Егіс жоспа-«Красный партизан» колхозында 7, Калинин атындағы колхозда 14 про-т ғана орындалды. Бұл колхоздардың шылары, оның председателдері Ля-және Конюхов жолдастар егіс жұмыс

ТРАКТОРШЫЛАРДЫҢ ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕГІ

Калинин ауданындағы Образцовая маши-трактор станциясының тракторшыла-батыр Қызыл Армияның гитлершіл маиниы сөзсіз тізе бүктіруіне жігер-іп, егіс жұмыстарында еңбек өнімін-іеп арттыруға. «Проводник» колхозы-а тракторшысы Л. Добродеев жолдас 3 тракторымен 13 сменада жұмсап-рға айналдырғанда 92 гектар жер жү-стап, 75 килограмм жанар майын үнем-і. «Орталық» колхозының тракторшы-Әйтін Қатаев жолдас 68 гектар жер-мыстап, 60 килограмм жанар майды-шпердегіден кем жұмсады. Ол істелген-мыстың неғұрлым сапалы болуына-тісті.

Осы сияқты «Новый путь» колхозы-а тракторшысы П. Власов жолдас та-атыр Қызыл Армияның тарихи жеңісі-жанкыярлық еңбек пен жауап беру-

тарын майдандағыша ұйымдастырмай, ар-ғаны кеңге салып отыр. Шынында олар-егіс жоспарын дауырықпалы думан арқы-ды орындаймыз деп дәмеленетін көрінеді.

Осы сияқты Ленин атындағы колхоз-да егіс жұмыстарының агротехникалық-шаралары көріне-көзге бұрмаланылып-ке-леді. Мұнда 20 гектар жер мүлде саяз-жыртылған. Тракторшы Татьяна Коркина-және М. Коркина жолдастар 70 гектар-егіс алаңына тұқымды сапасыз еккен. Бі-рақ, бұл сияқты өрескелдікті колхоз пред-седателі Саножинов пен трактор брига-дасының бригадирі Чекунов жолдастар-көрссе де көрмей, ымырашылыққа салын-ған. Ал Соколов МТСның учаскелік агро-номы Лейман жолдас істелген жұмыстың-сапасына жете көңіл бөлмей, колхозға ат-үсті кедіп кетіп жүрген.

«Красный партизан», Калинин атында-ғы және Ленин атындағы колхоздарда-көктемгі егіс жұмыстарының барысы қа-пағаттанғысыз екендігін және агротехни-ка ережелерінің бұрмаланғандығын біле-тұра аудандық ұйымдардың басшылары-бұл колхозға көңіл бөлмеуі таңқаларлық-ақ іс.

Н. ХАМИДУЛЛИН.

де. Ол ЧТЗ тракторымен 12 сменада 122-гектар жер жұмыстап, 335 килограмм-жанармайын үнемдеді.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне байла-нысты, социалистік егіс даласында жан-аймай жұмыс істеп, көктемгі егісті мер-зімінде аяқтауға бар күшін жұмсап-жүрген тракторшылар Куйбышев атында-ғы МТС-та да аз емес. Киров атындағы-колхоздың тракторшысы Сергей Дыкин-жолдас көктемгі егіс кезінде трактормен-істелетін жұмыс тапсырмасын қазірдің-өзінде 123 процент ал «Советский» кол-хозының тракторшысы Мария Алисова-жолдас 103 процент орындап жүр. Али-сова жолдас ЧТЗ тракторымен жұмсап-жерге айналдырғанда 155 гектар жер-жұмыстады.

А. БУГАЕВ.

рын бекітіп беріп, іске жауапкершілігін-күшейттік. Звеноларға егістік учаскелер-бөлінді. Егіс даласына көшіп шығардың-алдында колхозшылардың жалпы жый-ылысы шақырылды. Бұл жыйылыста кол-хозшылар мереке атындағы жарыста ко-сымша міндеттемелер алысты. Егісті 25-күн ішінде егіп боламыз,—деді олар.

Қазір бұл серт орындалуға жуық. Өйт-кені колхозымызда егістің 5 күндік тап-сырмасы үнемі мінсіз орындалып келеді.

Мол өнімшілер звеносы (звено басты-ғы Вапин жолдас) 5 күнде 22 гектар-орнына, үнемі 35 гектар жер жыртып-отыр. Соқашылар Жаманқұлов және Са-маева жолдастар күнделікті мөлшерді ар-тығымен орындап келеді. Ал тырмашы-Жаманқұлова жолдас екі жарым гектар-орнына, 4-5 гектар жер тырмалап, тап-сырманы 190-200 процентке дейін орын-дап жүр.

Ғалиев жолдас басқарған звено да күн-дік мөлшерді мүлтіксіз орындап, үздік та-быстарға жетуде. Бұл айтылған екі зве-ноның егіншілері арасында социалистік-жарыс шарты жасалған болатын. Жарыс-шартының көктемгі егіске байланысты-тараулары бес күн сайын тексеріліп-отырылады да, оның қорытындысы жа-уынгерлік листоктарға болмаса табыс-тақтасына жазылады. Мұның өзі колхоз-шыларды жұмыс мөлшерін сөзсіз орын-дауға ынталандырып отыр.

Алайда, бізде трактор паркінің жұмыс-істеуі айтарлықтай емес. Алдымен біздің-колхозға трактор күші дұрыс бөлінбеген. Быйыл 540 гектар егіс егетін болсақ, бұ-ған не бәрі 3 СТЗ тракторы жіберілген. Жоспар бойынша 200 гектар тың жер-жыртып шығуға бұл тракторлардың күші-жетпейтіні даусыз. Бұған қарамастан-Баян МТСның басшылары (директоры-Ковшов жолдас) колхоздарға трактор пар-кін бөлуге жауапсыз қарады. Оған дәлел-егіс жоспары 300 гектар және не бәрі-100 гектар тың жер жыртуға тиісті-«Боевик» колхозына 1 «ЧТЗ-НАТИ» және-2 СТЗ тракторын жіберді.

Егіс жұмыстары басталғалы трактор-отряды небәрі 18 гектар ғана жер жыр-ты. Демек, тракторлардың жұмыс істеуі-нен тоқтап тұруы көп. Өйткені бүлінген-тракторлар қолма-қол жұмыс үстінде тү-зетілмейді. Егіс басталғалы отрядқа көп-пелі мастерской да, механик те, тіпті-МТС директоры Ковшов жолдастың өзі де-келіп көрген емес.

Мұны аудандық ұйымдар ескерсе, кол-хозшылардың сөзі мен ісі бір жерден-шыққан болар еді.

Ү. АРҒЫНБАЕВ,

Преснов ауданындағы «Сарман» кол-хозының председателі.

Мен бұл мәлімдемелерді беделді деп ой-ліп, бұларға сенемін. Бірақ, бұл осыдан-бірнеше ай бұрын жасалған мәлімдеме. Мүмкін, содан бергі жерде Аргентинада-ғы істің жағдайы өзгерген болар? Мен-Америка елдерінің кейбір өкілдері осын-дай пікірде екенін, ондағы жағдай-қақсарды деп білетінін есіттім. Маған-қалып отырғаны сіздерден фактылармен-танысып, Аргентинадағы жағдайдың шы-нында жақсарғанын, әлгідей мәлімдеменің-шыны жағдайға үйлесетінін жете аңғару-үшін сәтте делегациясына, сол сияқты-басқа да делегацияға бір аз уақыт мүм-кіндік беруді сұрау болып отыр. Ал, бұ-ған бір аз уақыт, ең бері дегенде, бірне-ше күн керек болады.

Мынаны ойлап қараңыздаршы: егер-біз занықтық істеп, мықтап ойластырып-алмай, осы конференцияға Аргентинаны, соғыс кезінде біздің жауларымызға—Фа-шистерге көмектескен елді шақырсақ, ал-одақтас ел Польшаны шақырмасақ, онда-не болып шықпақ? Польша бұл соғыста-жалпы жауға қарсы күресте барлық кү-шін жұмсап отырған одақтас елдердің қа-тарынан хұрметті орын алып отырғаны-белгілі. Қаһарман поляк халқы біздің то-бымызда болып күрес жүргізіп келді же-не күрес жүргізуде. Ол сансыз көп құр-бандықтанда тайынған жоқ және тайын-бауда. Біз мұның бәрін ұмыта алмақшы-емеспіз. Бүкіл қазіргі соғыс бойына біз-дің ортақ жауымызға көмектескен Арге-тинаны конференцияға шақыру, ал қазір-Польшаның азат етілген жерінде өмір сү-ріп отырған, поляк халқының алдында-үлкен беделді болып отырған Польшаның-Уақытша үкметін шақырмау,—мұның-өзі осы конференцияның беделіне нұқсан-келтіретін жолға түсу болады. (Қол ша-палақтау). Польша үкметі демократияшыл-үкмет екенін ешкім теріс дей алмайды. Польшаның бұл Уақытша үкметінің өз

Мәдениет және тыңғу паркіне күзет-шілер, үй сыпырушылар, және есепшілер-КЕРЕК. Қызыл ту көшесі 77-үйдегі «Зе-лентрест» мекемесіне келіп, Подякова жол-дастан білуге болады.

Май заводтарының облыстық тресіне ара-бухгалтерлер, тексеруші бухгалтер, бух-халтерлер және аудандардағы май завод-тарына бас бухгалтерлер КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Қарағанды-көшесі 27-үй. Май заводтарының облыс-тық тресі.

Петропавл сәдо аудандық соғыс комис-сариатына шаруашылық әкімшілік бөлімінің-бастығы КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Малая кө-шесі, 10-үй. Аудандық соғыс комиссариат-ы. Телефон № 7-55.

«Восток» қолөнершілер артелінің Ленин

отырған үкметтердің кейбіреулері мен-әлі күнге дейін Советтер Одағының елші-лік қарым-қатынасы жоқ, бірақ осыған-қарамастан, Ұлы Британия мен Америка-Кұрама Штаттарының ұсынысын қарсы-ала отырып, Совет Үкметі шақырушы-мемлекеттердің бәрімен бірдей тиісті ел-шілік қатынас жасап отырғанына немесе-жасамай келгендігіне қарамастан, осында-отырған делегациялардың бәрінің қаты-суына қарсылық білдірген жоқ. Біз осы-мәселеге де Ұлы Британия мен Америка-Кұрама Штаттарының пікірін қарсы алу-ға тиіспіз деп бідік. Осының бәрі Со-веттер Одағы шақырушы басқа үкметтер-мен конференция мәселесі жөнінде келісу-жағын көздегенін көрсетеді. Осы уақыт-қа дейін бұл конференцияға шақыру мә-селесі осы конференцияда дәрежесі бір-дей болып отырған шақырушы төрт үк-меттің бір ауыздан қабылдауымен іске-асырылып келеді. Біз мұны өте жақсы-ереже бей білеміз, сондықтан да бұл бір-лікті бұзуға қарсымыз. (Қол шапалақ-тау). Менің ойымша, біздің бәріміз де бір-ауыздылығымызды қатты қадірлеуге-тиіспіз және осы кезге дейін біздің біреу-леріміз жеткілікті мөлшерде зерттемей-келген жаңа ұсыныстың қандайың болса-да зейін қойып, мықты қарауға мүмкін-дік беру ісіне бәріміз көңіл бөлуге тиіс-піз. Сондықтан да біз Аргентина жөнін-дегі мәселе де осы жолмен шешіссе, оны-асығыс ретте шешуге жол берілмесе дұ-рыс болар еді деп білеміз. (Қол шапалақ-тау).

Совет делегациясының ұсынысы мына-ған келіп тіреледі. Осы конференцияға-Аргентинаны шақыру мәселесін қарап-зерттеу үшін бірнеше күн кейінге қалды-рылсын.

Совет делегациясының сұрайтыны тек-осы. (Ду қол шапалақтау).

көшесі 3-үйдегі парикмахері күн сайын-таңертеңгі сағат 8-ден бастап түнгі сағат-12-ге дейін жұмыс істейді. Мұнда ерлер,-әйелдер және маникюр залдары жұмыс-істейді.

АРТЕЛЬ БАСҚАРМАСЫ.

Облыстық аптека басқармасына қызметші-керек.

Адрес: Сталин көшесі 92-үй. Қызмет-уақытында келіп білуге болады.

Түрлі аурудан сақтану мақсатында Сол-түстік Қазақстан облыстық астық дайын-дау мекемесі барлық элеваторлардың, түк-пірдегі пункттердің және басқа астық-дайындау орындарының қар астында қал-ған масақтан алынған астықты қабылдап,-оның орнына сапалы астық беретіндігін-облыс азаматтарының есіне салады.

Жарыған қарагер байтал жоғалды. Көр-

Аргентина полициясының жазалау әрекеті

НЬЮ-ЙОРК, 11 май. (ТАСС). «Нью-Йорк геральд трибюн» газетінің хабары-бойынша, Біріккен Ұлттардың жеңісі-хұрметіне халықтың жыйын өткізуіне-кедергі жасау үшін полиция Буэнос-Ай-рестің (Аргентинада) орталығына жы-йылды. Полицейскілер «Ла критика»-газеті баспасының үйі үстіне және бас-қа үйлерге тігілген Советтер Одағының-туын алып тастауға бұйырған. Полиция-«Ла критика» газетінің шығарушысы Та-бордты бас редактор Дителаны және-басқарушы Каррерасты тұтқынға алған. Бірнеше сағаттан кейін Таборда мен Дито-ла босатылған. Бірақ Каррерас бірнеше-жүздеген саяси тұтқындар бар түрмеде-әлі күнге дейін отырған көрінеді.

ШЕТ ЕЛ ХАБАРЫ

Нью-Йоркте ашылған американ-совет-кұрлыс конференциясында американ және-Совет инженерлері мен архитекторлары-өзара өндірістік және техникалық іс-тәжірибелерімен ауысуда.

Римде, ұлтты азат етудің Орталық Ко-митеті орналасқан «Сант-Апостоли»-алаңында Солтүстік Италияның ұлтты-азат ету Комитетінің хұрметіне халық-жыйыны болып өтті. Жыйынға 20 мың-адам қатысты.

Жақын арада, Копенгагенде Данияның-азат етілуі хұрметіне арнаған думан от-кізіліп, Дания Рихсдагі (парламенті)-ашылды.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

ген-білген адамның Полуден ауданы Но-вобит селендік советіне қарасты «3-бес-жылдық» колхозына хабарлауы сұралады. Сөзіншісі бар.

Облыстық атқару комитетінің көмекші-шаруашылық оғораттада жұмыс істеу-үшін жұмысшылар КЕРЕК. Жұмыс жағ-дайы жөнінде Кооператив көшесі, 10-үйде-гі көмекші шаруашылықтың дирекциясынан-білуге болады.

Транспрт қызметкерлерінің Петропавл-дағы автомобиль мектебі үшінші дәрежелі-шоферлер дайындайтын 2 айлық күрске-оқушылар қабылдайды. Бұл жөнінде ұйым-дармен мекемелермен, көсіп орындарымен-және жеке адамдармен шарт жасалады. Күрске 17 жастан жоғарғы және ең кем-дегенде 4 кластық білімі бар ер, әйел аза-маттар қабылданады.

Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көше-сі, 22-үй.